

36.95-7

А-35

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті

«Тағам өнімдерін өңдеу технологиясы» кафедрасы

5В072700 – «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы  
бойынша білімалушыларға «Азық-түлік өнімдері мен  
шикізаттардың сапасын бақылау және бағалау» пәнінен

**ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

Орал 2015

Идгеев Б.Қ., тех. ғыл. канд., доцент,  
Тулиева М.С., аға оқытушы, магистр,  
Айтмуханова З.М., аға оқытушы, магистр.

Рецензент: Бакушев А.А., тех. ғыл. канд., доцент

**5B072700 – «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы  
бойынша білімалушыларға «Азық-түлік өнімдері мен шикізаттардың  
сапасын бақылау және бағалау» пәнінен  
өзіндік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік ұсыныстар**

«Тағам өнімдерін өңдеу технологиясы» кафедрасы отырысында  
талқыланды, 15.05.2015ж., хаттама № 10

Агрономия факультетінің оқу-әдістемелік бюросымен ұсынылды,  
20.05.2015ж., хаттама № 10

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданды,  
25.05.2015г., протокол № 6

Бұл әдістемелік ұсыныстар күндізгі және сырттай оқу бөлімінің  
5B072700 – «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша  
білімалушыларға арналған. Әдістемелік ұсыныста «Азық-түлік өнімдері  
мен шикізаттардың сапасын бақылау және бағалау» пәнін білімалушылар  
өзіндік меңгеруге арналған оқу және әдістемелік құжаттар жүйесі  
көрсетілген.

© РМК «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-  
техникалық университеті», 2015

## МАЗМҰНЫ

|  |    |
|--|----|
| КІРІСПЕ.....   | 4  |
| 1 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ...  | 5  |
| 1.1. Мультимедиалық презентация.....   | 5  |
| 1.2. Хабарлама.....  | 8  |
| 1.3. Дискуссия.....  | 11 |
| 1.4. Еркін дискуссия.....  | 14 |
| 1.5. Ауызша жауап алу.....   | 15 |
| 1.6. Реферат.....  | 17 |
| 1.7. Эссе.....   | 19 |
| 1.8. Мамандардың кеңесі.....   | 21 |
| 2. БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР БОЙЫНША<br>ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР..... | 22 |
| ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР.....   | 28 |

## КІРІСПЕ

5B072700 – «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығына арналған «Азық-түлік өнімдері мен шикізаттардың сапасын бақылау және бағалау» пәні элективті пәндер цикліне жатады. Мемлекеттік білім беру талаптарына сәйкес бұл пән шеңберінде студенттер азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау туралы сұрақтарын меңгереді.

**«Азық-түлік өнімдері мен шикізаттардың сапасын бақылау және бағалау» пәні** бекітілген силлабусқа сәйкес және техника және технология бакалаврының кәсіптік қызметі үшін қажетті материал көлемін қоса оқытады.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** болашақ технолог мамандарды шикізаттардың, жартылайфабрикаттардың, дайын өнімдердің, сондай-ақ реализация туралы, технологиялық процесстің өзгеруі туралы сұрақтарды шешуді үйретумен аяқталады.

**Курстың міндеті:** «Азық-түлік өнімдері мен шикізаттардың сапасын бақылау және бағалау» пәні студенттерге сынақ, қауіпсіздік, азық-түлік тауарлары аумағындағы негізгі білімді беру, азық-түлік тауарларының сапасын анықтаудың зертханалық әдістемесімен таныстыру. 5B072700 – «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығының түлектері арнайы теориялық білімдер кешенін және шикізат пен дайын өнімдер сапасына технохимиялық бақылауды жүзеге асыру бойынша практикалық дағдыларын білу қажет.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** бақылау қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы өндірістің барлық этаптарын қамтиды және қоғамдық тамақтандыру өнімдерінің сапасын бақылау үшін үлкен мағынаға ие. Бақылау көмегімен шикізаттардың, жартылайфабрикаттардың және дайын өнімдердің сапасын, шикізаттарды салу нормасын, технологиялық процесстердің дұрыстығын және т.б. анықтайды. Азық-түлік өнімдерінің технологиясы бакалаврын дайындауда маңызды пәндердің бірі болып табылады. «Азық-түлік өнімдері мен шикізаттардың сапасын бақылау және бағалау», дайындалатын өнімдерге сапалық сынақ жүргізу үшін қажетті білім болып табылады.

## 1. СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазақстан Республикасының барлық ЖООда барлық оқыту формасы өзіндік жұмыс базасында студенттердің білімі негізделген. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, яғни студенттің өзі өзіндік жұмысты міндетті түрде толықтырылу қажет, оқытушы тек қажетті дәріс материалын ғана береді. Атап өту керек, студенттің өзіндік жұмысы оң нәтиже береді, егерде ол мақсатты бағытталған, жүйелі және жоспарлы болса.

Студенттің өзіндік жұмысы келесідей түрде ұсынылуы мүмкін:

1. Мультимедиалық презентация,
2. Хабарлама
3. Дискуссия
4. Еркін дискуссия
5. Ауызша сұрау
6. Реферат
7. Эссе
8. Мамандардың кеңесі

Өзіндік жұмысты орындауда ұсынылған түрлерін қарастырамыз:

### 1.1. Мультимедиалық презентация

Мультимедиалық презентация бір ортада ұйымдастырылған компьютерлік анимациялардың, графиктер, видео, әуендер мен дыбыстарды байланыстырып өзін көрсетеді. Ереже бойынша, ақпаратты ыңғайлы қабылдау үшін мультимедиалық презентацияда сюжет, сценарий және ұйымдастырылған құрылым болады.

Динамикалық көзбен көру және дыбыстық қатарлар өнім туралы ақпаратты жеңіл қабылдайтын формада жеткізуге мүмкіндік береді.

Мультимедиалық презентацияның өте жақсы ерекшелігі болып, оның интерактивтілігі болып табылады, яғни қолданушылар үшін қазіргі кездегі компьютерлік құралдардың мультимедиялық суреттермен өзара байланысу мүмкіндігі.

Мультимедиалық презентация – бұл ақпаратты потенциалды клиентке, серіктеске немесе инвесторларға дейін жеткізудің қазіргі кездегі жоғары технологиялық тәсілі. Бұл сонымен қатар қолданушылар олармен басқару менюі арқылы белсенді өзара әрекет етуге мүмкіндік беретін жарнамалық және ақпараттық құрал.

Мультимедиялық презентация құрылымы

Ереже бойынша, мультимедиалық презентация 2 бөлімнен тұрады: мультимедиалық жарнама ролигі және ақпараттық бөлім. Тәжірибеден көрсеткендей, бұндай байланыс тиімдірек болып табылады.

Бірінші бөлім — мультимедиалық жарнама ролигі, брэндтің немесе айрықша бәсекелес өнімнің негізі эмоциясын жеткізуге міндетті,

қолданушыларды ақпаратты қабылдауға дайындау. Роликтің бір бөлігі интерактивті болуы мүмкін — мұндай жағдайда қолданушы роликтің сюжетінің жүрісіне әсер етуі мүмкін.

Екінші бөлім — толығымен интерактивті, ұсынылатын өнім туралы толық ақпараттан құралады. «Басқару менюі» арқылы қолданушы өзінің өнімі туралы, оның қолданылу аумағы және компания туралы қолайлы құрылымдық ақпарат туралы мәлімет алады

Мультимедиалық презентация маркетинг құралы сияқты.

Мультимедиалық презентация — бұл, ең алдымен, маркетинг құралы, келесідей маркетингтік тапсырмаларды шешуге міндетті:

- тауар және қызмет, өнімді шығаратын компания туралы ақпараттандыру, динамикалық көзбен көру түрінде, жоғары мақсатты бәсекелестікке тоқталу;
- мультимедиа арқылы өнімнің немесе брэндтің қозғалысы бойынша кең масштабты жарнамалық компанияны қолдау;
- өнімге немесе қызметке брэндтің адалдығын мультимедиалық презентациямен тасымалдауды қолдану жолымен қолдайды;
- мультимедиа PR- және BTL-акцияларын қолдау.

#### **Мультимедиалық презентацияның артықшылықтары**

Телеарнаның жарнамалық видео-роликтарымен салыстырғанда, мультимедиалық презентация бірегей артықшылықтарға ие:

1. Интерактивтілігі — потенциалды клиенттің мультимедиалық суретпен өзара байланысу мүмкіндігі.

2. Мобилділігі — кез келген уақытта, кез келген жерде мақсатты таңдалған аудитория алдында жарнамалық роликті көрсету мүмкіндігі.

3. Телеэфирде мультимедиалық роликті жарнамалық көрсетуде шығындардың болмауы (көрсетілетін роликтің ұзақтығына шектеумен байланысты маңызды емес).

4. Ақпараттылығы —телеарналық видео-роликтан айырмашылығы ұзақтылығында, телеарналық видео-роликті көрсету кезінде эфир уақытының құнының шектеулігі, ал мультимедиалық роликте ондай шектеу жоқ. Мультимедиалық ролик ұсынылатын тауар және қызметі туралы толық көлемде ақпараттан құралады.

5. Креативтілігі — көзбе көз технология, материалдың түп нұсқасының берілуі, мультимедиа суреттерімен интерактивті жұмыстың мүмкіндігі — бұның бәрі ұсынылатын ақпаратқа мақсатты аудиторияның назарын аударуға мүмкіндік береді.

6. Экономикалық тиімділік. Мультимедиалық жарнамалық роликті жасауда компьютерлік технология қолданылады, оны қолдану мүмкіндігінің спектрларын кеңейтеді. Ролик дайындалады және бір рет төленеді, бірақ қолдануда кең спектрді және эксплуатациялаудың ұзақ мерзімін иеленеді.

### *Мультимедиалық презентацияның элементтері*

Мультимедиалық презентация стандарттан ерекшеленеді, ереже бойынша, келесідей негізгі элементтерден құралады:

- Видео
- Аудио
- 3D моделдері
- Суреттер, фотосуреттер
- Мәтін
- Анимация
- Навигация

Бұл элементтер толықтай әртүрлі комбинацияларда көрсетілуі мүмкін. Көрсетілген элементтердің біреуі болмай қалуыда мүмкін, бірақ ол қалыпты жағдай.

### *Интерактивті мультимедиалық презентация*

Сондай-ақ мультимедиалық презентация интерактивті болуы мүмкін, бұл жағдайда, презентацияны қарайтын қолданушы, сол сәтте материал кейпіне қандайда жағдайлармен әсер етуі мүмкін. Мысалы, басу арқылы презентацияның әртүрлі бөлімдеріне ауысу үшін немесе презентацияның тілін ауыстыру үшін презентацияны қарау кезінде меню болуы керек.

### *Мультимедиалық презентацияның форматы*

Мультимедиалық презентацияда бірнеше форматтар болады. Мысалы:

- **Adobe Flash презентация** – ереже бойынша бұл мультимедиалық презентацияның барлық негізгі элементтері қатысатын swf файл. Бұл презентацияны сайттың веб парақшаларына тікелей орналастыруға болады. Бұндай презентацияны Adobe Flash CS5, Adobe Flash Builder арқылы жасауға болады.
- **PowerPoint презентация** – барлығымызға белгілі Microsoft компаниясының слайдтардан құралған ppt форматы. Сондай-ақ, бүгінгі күнде презентацияның мультимедиалық элементтерін PowerPointқа оңай қосуға болады.
- **Видеофайл** – мультимедиалық презентацияға қызмет ететін қарапайым видеофайл, егер ол ақпараттардың жүйелігінен құралса, мысалы, жаңа өнім компаниясы туралы.

### *Презентацияны көрсету немесе ұсыну*

Презентацияны көрсету немесе ұсыну әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін .

- **Аудиториядағы немесе ғимараттағы экранда.**
- **Интернет арқылы, уақыттың қолайлы мерзімінде. Вебинарда.**
- **Веб сайтында.**
- **Сақталған презентация.** Қолданушы өз компьютерінде мультимедиалық презентацияны қарайды немесе көшіріп сақтап алады.

- **Презентациялы электронды тасымалдағыш.** Мысалы, flash карта немесе диск.

## **1.2. Хабарлама**

Ауызша жарияланымның регламенті –10 минуттан аспау керек.

Ауызша айтудың шеберлігі өте жақсы білімді сөйлеуден басқа, өз ойын шебер жеткізуден және дұрыс сендіруден және ретке келтірілуден, айқын және қызықтырудан құралады.

Кез келген ауызша айту соңғы қорытындылауда және жетістікке әкелетін үш негізгі критерияны қанағаттандыру керек: бұл критерийдің дұрыстылығы, яғни тіл нормасына сәйкес, мағыналық балама критерийі, сонай ақ шынайы айту мазмұнына сәйкес және қойылған мақсатқа жету нәтижесіне сәйкес, тиімділік критерийі.

Сөз сөйлеуге дайындалу жұмысын екі негізгі кезеңге бөлуге болады: докоммуникативті кезең (айтуға дайындау) және коммуникативті кезең (аудиториямен өзарабайланыс).

Ауызша сөз сөйлеуге дайындалу жұмысы тақырыпты қалыптастырудан басталады. Бәрінен дұрысы тақырыпты мынадай жағдайда қалыптастырады, оның бірінші сөзі ғылыми жобаны орындау нәтижесінде алынған атауды білдіруі керек (мысалы, «Технология Дайындау технологиясы...», «Даму моделі...», «Басқару жүйесі...», «Анықтау әдістемесі...» және т.б.). Сөз сөйлеу тақырыбы ауыр болмау керек, "қамту қамтылмаған" болмайды, көп мөлшердегі сұрақтардың қамтылуы оларды жүгіртіп санауға, терең талдап ресми айтылуға әкеледі. Дұрыс қалыптастырмау – өте ұзақ немесе өте қысқа және жалпы, өте дөрекі, өте жалықтырғыш, мәселе тудырмайтын, мәтіннен алыс үзілген және т.б. болып табылады.

Сөз сөйлеудің өзі үш бөлімнен құралу керек – алғысөз (жалпы уақыттың 10-15%), негізгі бөлім (60-70%) және қорытынды (20-25%).

Кіріспе сөз автор туралы мәліметті (аты-жөнін, қажетті жағдайда оқу/жұмыс орнын, дәрежесін), баяндаманың атауын, сөз сөйлеу мазмұнының нақты мақсатын анықтауды, өзекті идеясын нақты анықтауды көрсете білуі керек. Өзекті идея жобасы негізгі тезис сияқты, негізгі жағдай болып түсіндіріледі. Өзекті идея айтудың нақты үндестігін табуға мүмкіндік береді. Негізгі тезисті қалыптастыру не үшін айту керек (мақсаты), не туралы айту керек (мақсатқа жету құралдары) деген сұрақтарға жауап береді.

Сөз сөйлеудің негізгі тезистеріне қойылатын талаптар:

- фраза негізгі ойды білдіру қажет және айтылымның негізгі мақсатына сәйкес келу керек;
- талқылау қысқа, нақты, қысқа мерзімде есте оңай сақталатын болу керек;



- ойы бір мағынада түсіндірілуі керек және өзіне қарсы сөз туындамау керек.

Сөзде бірнеше өзекті идеалар болуы мүмкін, бірақ үшеуден аспау қажет.

Сөз басында жие кездесетін қателік – не кешірім сұрау, не өзінің тәжірибесіз екенін жариялау. Айтылымның нәтижесі тыңдаушыларды қызықтыратындай, болашақ тақырыбына және презентаторға назар аударатындай болу қажет.

Жобаның өзекті идеясы дәлелдемесі ретінде фотоларды – видеофрагменттерді, аудиожазбаларды, фактілі материалдарды қосуға болады. Сандық мәліметтер қабылдауды жеңілдету үшін оларды оқуда қиындық тудырмай, кестелер мен графиктерді жақсы көрсету керек. Ауызша сөз сөйлеуде сандық материалдың көлемі шектеулі, оған сілтеме жасаған артық саналады, яғни барлық сандарды толтырып салса, ол сандар тыңдаушының қызығушылығын лезде басып тастайды.

Негізгі бөлімнің даму жоспары анық болу керек. Қажетті мысалдар мен фактылардың оптималды көлемі таңдалуы керек.

Ғылыми сөз сөйлеуде мынандай сөз формасын қолдану қабылданған: жиі қолданылатын осы шақтың «уақыттан тыс» мағынасы кезінде, қайтымды және жақсыз етістіктер, етістіктің 3-ші жақ формасы, форманың толық емес түрі, анықталмаған жеке сөйлем қолданылады. Өзінің презентациянды қолданар алдында корпоративтік және мамандандырылған жаргон немесе терминдерді қолдану қажет, сіз не айтып жатқаныңызға аудитория түсінетініне сіз сенімді болуыңыз керек.

Егерде арнайы терминдер мен сөздерді қолдансаңыз, аудиторияның кейбірі түсінбей қалуы мүмкін, алғаш оларды презентация процессіне қолданған кезде, міндетті түрде олардың әр қайсысына қысқаша сипаттама беруге тырысыңыз.

Баяндаманың негізгі бөліміндегі жиі кездесетін қателік – қарастырылатын сұрақтардың шегінен шығуы, жоспар бөлімдерінен асып түсу, сөз жағдайын қиындату, сондай-ақ мәтінді шамадан артық теориялық талқылау, қиын сұрақтардың көптігі (ресми түрде айтылуы, дәлелдің жоқтығы), бөлімдер арасында байланыстың болмауы, сөз сөйлеу бөлімдерінің ұйқаспауы (негізгі бөлімдердің бір жерге жиналып қалуы, қорытындылау).

Соңында сөз сөйлеудің негізгі идеясынан тұратын қорытынды қалыптастыру қажет. Дұрыс құрастырылған қорытынды жақсы көңіл күйге әсер етеді. Қорытындылауда өзекті идеаны қайталаудың мәні бар, одан басқа тыңдаушылардың қызығушылығын тудырған негізгі бөлімге қысқа түрде тоқталу. Шешім шығарған өтінішпен аяқтауға болады. Кіріспе сөз және қорытындылау міндетті дайындықты талап етеді, оларды айту барысында дайындау қиын болады. Психологтар хабарламаның басында және соңында айтылғандар жақсы есте сақталатынын дәлелдеді ("шеткі

заң"), сондықтан айтқан кезде тыңдаушылардың назарын аудару, тақырыпты қабылдуға дайындап оларды қызықтыру қажет, ал қорытындыда барлық айтылғандар қысқартылған түрде қамтылуы қажет, негізгі ойды күшейту керек, ол мынандай болуы қажет "әрі қарай айтатын ештеңе жоқ екенін, тыңдаушылар сезінетіндей" (А.Ф. Кони).

Негізгі айтылғандарда бағдарламаланатын, қызықтыратын фразалар қолданылады. Қызығушылықты арттыруға қабілетті кейбір фразалар:

- «Бұл сізге мүмкін береді...»
- «Осының нәтижесінде сіз өзіңізге аласыз...»
- «Бұл арылуға мүмкіндік береді...»
- «Бұл Сіздің арттырады...»
- «Бұл Сізге қосымша мынаны береді...»
- «Бұл Сізге мынаны жасайды...»
- «Осының нәтижесінде Сіз...»

Сөз сөйлеудің мәтін/жоспарын дайындаудан кейін өзінді сұрақтар қойып тексерген дұрыс:

- Менің сөз сөйлегенім қызығушылық тудыра ма?
- Бұл сұрақ бойынша жеткілікті білем бе және менің мәліметтерім жеткілікті ме?
- Тағайындалған уақытта мен аяқтай алам ба?
- Менің сөз сөйлеуім менің білімім мен тәжірибем сәйкес келе ме?

Сөз сөйлеуге дайындалу кезінде сөз сөйлеудің тәсілдерін таңдау қажет: мәтінге сүйеніп ауызша баяндау (алдын ала дайындалған слайдқа сүйенуге де болады) немесе дайындалған мәтінді оқу. Атап өту керек, алдын ала жазылған мәтінді оқу аудиторияның тыңдауға әсерін төмендетеді. Жазылған мәтінді есте сақтау үшін айтушы қимылдамай және алдын ала құрылған жоспарға көңілін аударып, аудиторияның реакциясына көңіл бөлуге мүмкіндік бермейді.

Жалпыға белгілі, қанша маңызды қызықты тақырып болса да, дәртсіз және енжар сөз тыңдаушылардың назарын аудармайды. Және керсінше, басқа ретте жанасатын сөз сөйлеу аудиторияға әсерін тигізу мүмкін, егерде оратор өзекті мәселе туралы айтса, егер аудитория тыңдаушының дағдысын сезінсе. Ашық, энергиялы сөз, сөзге шешендігін, оның сенімділігін арттырады, илану күшін иеленеді.

Одан басқа, қысқа фразалар ұзаққа қарағанда тыңдауға оңай қабылданады. Ересек адамдардың жартысы он үш сөзден көп құралған фразаларды түсіне алады. Ал барлық адамдардың үшінші бөлімі, бір сөйлемнің он төртінші және соңғы сөзін тыңдай отырып, оның басын мүлдем ұмытып қалады. Есімшелі және көсемшелі тіркестен құралған, күрделі сөйлемнен аулақ болу қажет. Күрделі сұрақты баяндау үшін, ақпаратты бөлім бойынша беруге тырысу қажет.

Ауызша сөздегі үзіліс жазбашадағы тыныс белгілер сияқты рөл атқарады. Күрделі қорытынды немесе ұзақ сөйлемнен кейін, тыңдаушылар айтылғандарды жете ойлану үшін немесе жасалған қорытындыны дұрыс түсіну үшін міндетті түрде кідіріс жасау керек. Егер сөз сөйлеуші оны түсінгенін қаласа, онда үзіліссіз айтауы керек, яғни бес жарым секунд үзіліс жасайдыт (!).

Жобаның презентациясында негізгі орынды аудиторияға көңіл бөлу алады. Сұхбаттасушыға көңіл бөлу іскерлік әңгімелесудің сенімді контексін тудырады. Көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде сәйкес мысалдарды қолдануға болады. Жанама көңіл аудару үшін мынандай сөздер айтылуы мүмкін, «Сізге белгілі болғандай», «Бұл Сізді немқұрайлы қалдырмайтынына сенімдімен». Аудиторияға дәлелдер – бұл өзіндік пікірін айту, тыңдаушылардың қызығушылығы мен ерікіне түйсіксіз әсер етеді. Сөз сөйлеуші өзін тыңдаушылар оған қызықты екенін көрсетеді, ал бұл өзара түсіністікке жетудің ең қарапайым жолы.

Сөз сөйлеу кезінде тұрақты түрде тыңдаушылардың назарын бақылап отыру қажет. Байқампаздық пен көңіл аударушылықты тәжірибемен байланыстыру көпшіліктің көңіл күйін аулауға мүмкіндік береді. Кейде, кейбір сұрақтарды қарастыруда оларды қысқартуға немесе бас тартуға тура келеді.

Сөз сөйлеуден кейін аудиторияда туындаған сұрақтарға жауап беруге дайын болу қажет.

### **1.3. Дискуссия**

«Дискуссия» сөзі латын тілінен аударғанда талқылау, зерттеу деген мағынаны білдіреді. Дискуссияның астарында даулы сұрақты, қандай да бір мәселені көпшілік алдында талқылап тұспалдайды. Дискуссия ғылыми, өндірістік, оқу және т.б. мәселелерді шешуде белсенді топтық процесс әдісі сияқты талқыланады.

Дискуссия іскерлік қарым-қатынас сияқты келесі белгілермен сипатталады:

Дискуссия мамандардың топтық дағдылы әрекеттерінің белсенді түрлерінің бірі.

Дискуссияға қатысушылар, даулы мәселені топтық талқылаудағы авторлар қарсыластар сияқты емес, серіктестер сияқты сөз сөйлейді.

Талқылаудың мақсаты қарсы пікір білдірушінің тезисін жоққа шығару емес, әр тезистің шындығын айту.

Даулы жағдайды талқылау талдаумен, топтық әрекетпен, жалпы пікір қалыптастырумен байланысты.

Шаралық қатынаста дискуссияны ұйымдасырады және реттейді. Көзқарастар, мәселені және оларды шешудің тәсілдерін альтернативті көрсету, әр түрлі амалдар алға басқан кезде, қандайда бір сұрақ бойынша дискуссия туындайды. Мәселені шешуде альтернативті амал дискуссияға

қатысушылар пікірінің күресі үшін ойдың басты негізі болып саналады. Нағыз пікірдің еркіндігі дискуссияның жоғары мәдениеттілігін көрсетеді. Ол үшін альтернативті сөз сөйлеуге және қарсы пікір білдірушіге сыйластық қатынас пайда болу керек. Оның көзқарасын сынай отырып, сындарлы ұсынысын және мәселені шешудің жаңа тәсілдерін айту қажет. Дискуссия процессінде жасанды айтуды ғана емес, өзінің қарсы пікір білдірушісін тыңдау шеберлігін иелену қажет.

Күшті қарсы пікір білдірушімен талас дискуссияға дұрыстап дайындалу қажет: дискуссияның басты мақсатын анықтау, стратегияны және талас жүргізу тактикасын, екі жаққа да қолайлы нұсқаны ойлап табу; қарсы пікір білдірушінің кемшіліктері мен, оның білімділік деңгейін, мәдениеті мен біліктілігін бағалау.

Өзге пікірлерге шыдамдылықпен қарау қажет; дискуссияда әрбір жақтың өзінің пікірі болады. Қарсы пікір берушілерге анағұрлым сыйластық пайда болса, соғұрлым талас пікірді конструктивті арнаға келтіруге шанс көбірек болады. Өзінің қарсы пікір берушісінің барлық аргументтері мен дәлелдерін тыңдамай, өзінің көзқарасын басқаға мәжбүр етуге тырыспау керек. Қарсы пікір білдірушімен келісімге келісе білу керек, оныкі дұрыс екенін көріп тұрсаңыз.

Кез келген мәселеде шешімнің бірнеше мүмкін тәсілдері болады. Шешімнің өзіндік нұсқасын ұсыну: оның идеясын, мәнін, этаптарын ашу; оның әлсіз және күшті жақтарын талдау болып табылады.

Дискуссияны жүргізудің принциптерінің бірі, сіздің сыпайы пайымдауыңыз болса, қарсы пікір білдірушінің алдында жеңіске жетуге лайықты боласыз. Егерде қарсы пікір білдіруші әдепсіздік жіберсе, оған қарсы фразаларды қолданып, оған тіл тигізбеу қажет. Бір нәрсені жоққа шығарып, өзіңнің кемшілігіңді дәлелдеу қажет; өзіңіздің қарсы пікір берушіңізге дауыс көтеруге тырыспаңыз, керсінше оны ұғындыруға тырысыңыз. Таласты дискуссияның жүру барысын жан жақты қадағалап, барлық жүру барысын толықтай көріп отырған және өзінің әрекетін дұрыстауға қабілетті адам ұтады. Әр жақтың пікір берушілерінің қарым қатынасы және көңіл күйлері талқылау барысында өзгеруін; қарсы пікір білдірушілерге күтпеген әрекет жасау және ойландыруды, жеке қызығушылықты көтеруді, шындыққа жанасатын кедергілерді есепке алған пайдалы.

Дәлелдеудің тиімділігін төмендететін жалған ішкі жағдайлар болады. Мұндай психологиялық күрестерді орынды жеңіп шығу мақсатымен: қарсы пікір білдірушінің даусын, қимылын емес, ойын қадағалау қажет; одан қорықпай және ол сізден күшті деп ойламау қажет; қарсы пікір білдірушінің әлсіз жерін іздеп табу керек және дәлелдеу керек; қарсы пікір берушінің жауабы алдындағы қорқыныш жеңілуді білдіреді.

Дискуссияны енгізуді меңгеру, пікірталас сұрақ қоюда іскерліктің дамуынсыз мүмкін емес. Сұрақты қоюға конструктивті амал оң

мақсаттарды қарастыратын ереже сияқты, мысалы: қарсыластың немесе сұхбаттасушының ұстанымын айқындау; дискуссияның өтуін белсендіру; бастамасын алып кету және сіздің арнаңыз үшін қажетіне дейін жеткізу; талқыланатын сұраққа деген өзіңнің жеке қызығушылығыңды көрсету; келісімге келу үшін, процесті тердетіп ашуға қарсы пікір білдірушіге көмек көрсету.

Келесідей сұрақ типтерімен ерекшеленеді:

- Шешендік сұрақ – бұл сұрақ, ойлануға себеп болады; ол барлық қатысушыларға қойылады;
- Азғырғыш сұрақ; оның мақсаты – конфронтацияға қарсы пікір білдірушілерді азғыру;
- Бақылау сұрағы (бірінші жақтың сұрағына екінші жақ жауап береді);
- Анықтаушы сұрақ («Мен Сізді былай түсіндім...»);
- Бір мәнді, нақты жауап талап ететін сұрақ. Ол сұхбаттасушының ұстанымын анық көрсетуге мүмкіндік береді, нақты ақпарат алады.

Дискуссияны жүргізу тиімділігі оның қатысушылардың тілдесу мәдениетіне, дайындалуына және талқылау процессін ұйымдастыруға және мәселені шешуге байланысты.

Топтық дискуссияны ұйымдастыру және өткізу этаптарды қарастырады:

Жүргізушілердің кіріспе сөз сөйлеуі. Жүргізуші, дискуссияны ұйымдастырушы, қатысушыларды мәселе туралы ақпараттандырады, дискуссияның негізгі пікірін және мақсатын, оны өткізудің тиімділік шарттарын түсіндіреді.

Негізгі баяндамашылардың сөз сөйлеуі – маманның берілген мәселеге анағұрлым беделді, дағдылы болуы.

Қосымша баяндамашылардың сөз сөйлеуі. Олар өзінің қиял мәселесін ашуы және өзінің оларды шешу тәсілдерін, негізгі баяндамашының концепциясын, ұстанымды сынауы мүмкін.

Баяндама және қосымша баяндама бойынша пікірталас. Әркім өз жағынан мәселені шешуде өзінің көз қарасын айтушы, өзінің ұстанымын айтып және дәлелді сақтап қалады.

Мәселені шешу. Бұл этапта мәселені талқылау белсенді жүреді, мәселені шешудің мүмкін нұсқаларын тексереді, қарсыластардың және концепцияның бір біріне белсенді қарсы тұрады және мәселені шешудің амалдары мен жалпы тенденциялары орнатылады.

Нәтижені жалпылау және дискуссияны аяқтау. Қорытындылау кезеңінде дискуссияның қорытындысы жасалады, көпшілік қатысушылардың пікірі бойынша оптималды шешім, нәтижелер түйінделеді.

Дискуссияны дайындауға және өткізуге қойылатын жалпы талаптарды, келесідей ұсыныстармен тұжырымдайды:

Дискуссия процесінде талқыланатын сұрақтардың, шешілетін мәселелердің жүйелілігінің және тізімінің шеңберін айқын сызу қажет.

Қарсы пікір білдірушінің барлық дәлелдері мен қарсы дәлелдерін тыңдаңыз. Қорытынды жасап, жинақтауға асықпаңыз.

Өзіңнің қарсы пікір берушіңді түсіну үшін уақытша болса да ойша оның жағында болу керек, оның көзқарасымен оны шешудің тәсілдерін және мәселені қайта талдау керек.

Қарсы пікір білдірушінің пікірінің жалғандығын аша отырып, жеке кінәлауға бармаңыз; есіңізде болса, дискуссияда әсерімен емес, өзін дәлелдерінің күшімен жеңіп шығады.

Өзіндік көзқарастың дұрыстығында күміндануға қорықпаңыз. Сұрақтарды талқылай отырып, өзіңіздің көзқарасыңызды мәжбүрлемей және басқаны үйретпеңіз, фактіге жүгініп, ақиқатты іздеңіз.

#### **1.4. Еркін дискуссия**

Еркін дискуссия қатысушылар әрекетінің тәртібінің төменгі дәрежемен сәйкестікте өзінің атауын алды. Мұнда әр қайсысы өзінің атынан сөз сөйлейді, өзінің көзқарасын айтады, нығайтады немесе нығайтуда сөз сөйлейді және ұқсастықтан тәуелділікте басқада қатысушылармен тайталасы – ұсынылған ұстаным ерекшелігі. Оқытушы тек талқылаудың жалпы бағытын береді және қатысушылардың ашық диалогына себеп болады. Пікір алмасу қатысушылардың жоғары әсерлі еліктіргіштігінің жеткіліктілігін ұсынады, ал дауласу әсерлі сипатқа ие болады, адамдар өздерінің дұрыстықтарына сенеді және абай болады, егерде жақтырмайтынын айтпаса, адамдарға олардың жеке меншігімен кімнің көз қарасы сәйкес келмеді деп қарайды.

Еркін дискуссияның жетістігі көбіне аудитория үшін өзекті болатын тақырыпты таңдаумен, жеке көзқарас пайдасымен, қатысушылардың кәсіптік өсуімен, олардың құқықтық жетілуімен анықталады.

Еркін дискуссияның әрбір қатысушысы ұстаным жеткілікті ойластырылғанда, шын көңілмен сезінгенде сөз сөйлейді, ал сөз сөйлеудің мотиві өзінің пікірін айналасындағылармен бөлісуге себеп болады. Бұл екі моменттің сәйкескелуі толық сөз сөйлеуді береді. Бірақ жие емес жағдай, ол еркін дискуссияның қатысушылары өздерін қысылғанын сезінген және оқытушының көмегін қажет еткен кезде. Мұнда парафраза мысалын қисынды қолданады, яғни оқытушы қатысушылардың біреуінің сөз сөйлеуін түзеткенде, оның әсерленгіш дәрежесін төмендеткен кезде қолданады, бірақ негізгі идеаны немесе пафосты ұмытпай тұрып, ода дыбысталатын сөздерді және сөздік айналымдарды қоямыз.

Дискуссиялық жұмыстың бұл түрінің тағы бір өте жақсы моменті – қатаң уақыт тәртібінің болмауы, сөз сөйлеушілердің саны және бөлек қатысушылардың жалпы саны, яғни адам сөзді қанша рет алғысы келсе сонша рет алуға болады. Кейде қатысушылардың ішінен екі үш белсенді

және қызығушы тұлғалардың тілдесуін немесе еркін дискуссияның «бенефис»те өсуін болдырмау қажет. Мұнда жұмыстың оптимальді ұзақтылығы 50 минут құрайды.

Еркін дискуссияны аяқтау кезінде оқытушы белсенді жұмысқа қатысқан барлық қатысушыларға алғыс білдіреді, барлық қызықтырушы сұрақтарды талқылаудың мүмкін болғанын айтып, анағұрлым мазмұнды сөз сөйлегендерге жақсырақ баға қояды.

### **1.5. Ауызша жауап алу**

**Жауап алу** – эксперименталды психологиялық әдістердің бірі және психология жалпы сұрақтар мен жауаптар талқыланатын жолдың өзінен қажетті ақпараттарды алу.

Ауызша жауап алу реакцияға және зерттеу жүргізуге оперативті бақылау жүргізу қажет болған жағдайда қолданылады. Жазбашамен салыстырғанда икемді, жауап алу түрі сыналатын икемді сұрау алгоритмді мүмкіндік береді. Жазбаша сияқты, қатаң дайындық талап етіледі. Зерттеушілерді арнайы дайындау қажет. Зерттеуді жүргізуге зерттеушінің жеке әсері тиуі орынсыз болуы мүмкін.

Фронтальды, жеке және комбинирленген жауап алу деп ажыратылады.

**Фронтальды жауап алу** оқытушының топпен сұхбаттасуы түрінде жүргізіледі. Ол өткенді қайталаумен органикалық байланысады, білім мен іскерлікті бекітуге арналған құрал болып табылады. Оның құндылығы топтың барлық студенттерін белсенді ойлау жұмыстарына араластыруға болады. Ол үшін сұрақтар қысқа жауап түрін алатындай, ықшамды, бір бірімен өзара байланысқан қисынды болуы керек, студенттердің жауабы тақырыптың, бөлімдердің мазмұнын ашатындай жинақталған жүйелі болуы керек. Фронталды жауап алудың көмегімен оқытушы студенттің үй тапсырмасының орындауын тексеруге, топтың жаңа материалды игеруге дайындығын тексеруге, негізгі түсініктің қалыптасуын анықтауға, сабақ барысында талданған жаңа оқу материалын меңгертуге мүмкіндігі бар. Фронталды жауап алуды мақсатты қолдану сондай ақ зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізер алдында, студенттердің оларды орындауға дайындылығын тексеруге мүмкіндік береді.

Сұрақтар көбінесе іздену сипатында болу керек, яғни студенттің өзіндік ойлау әрекетін ояту үшін. Бұл талаптар жауап береді, мысалы, сұрақтың мынадай түрлері тәсілдің, процестің, әрекеттің жүйелілігін қалыптастыруға: ("Не болады...", "Қалай өзгереді..."); салыстыруға ("Айырмашылығы мен ұқсастығы неде...", "Ерекшелігі неде..."); себебін түсіндіруге ("Неге...", "Не үшін..."); негізгі сипаттамаларын, белгілерін, сапасын анықтауда ("Маңызды қасиетін көрсетіңіз...", "Ондай жағдайда...", "Қандай шарттар қажет..."): процесстің пайда болуына, мағынасын

қалыптастыруға ("Қандай мағынаны иеленеді...", "Қандай анықтауларды көрсетеді..."): негіздемеге ("Нені түсіндіреді...", "Қалай негіздейді...").

**Жеке жауап алуда** оқу материалын меңгеруге қатысты сұраққа студент байыпты, байланысқан жауабын ұсынады, сондықтан ол студенттің ойлауының, есте сақтауының, сөзінің дамына әсер ететін маңызды оқу құралы. Неғұрлым терең тексеру жасау үшін, студенттерге толық жауап талап ететін сұрақ қою қажет.

Жеке жауап алу үшін сұрақтар анық, түсінікті, нақты, сыйымды болу керек, қолданбалы сипатта, негізгі, бұрын өткен материалды қамтиды. Олардың мазмұны студенттерді логикалық ойлауға, салыстыруға, талдауға, дәлелдеуге, сенерлік мысалдарды келтіруге, себепті зерттеу байланыстарын орнататуға, негіздеме қорытынды жасауға ынталандырады және бұндай жағдай жасау студенттердің білімін объективті анықтайды.

Сұрақтарды көбіне барлық топқа қояды және студенттер оны түсініп, оған жауап дайындауға және студенттің нақты жауабы үшін азғана кідіріс қажет болады.

Топ өздерінің жолдасын тыңдау үшін, тәжірибелі оқытушылар әртүрлі мысалдарды қолданады. Мысалы, жауаптың жоспарын құруды, жауапты (толықтығын, жүйелігін, өзіндігін, жүйелігін, түрін) бағалауды (анализдеуді) ұсынады. Студенттің жауабын пікірін білдіру түрінде жұмысты өткізуге болады. Студенттер үшін бұл жұмыс басында қиындау, сондықтан оларға пікір білдіру элементтерін оқыту қажет, келесідей пікірдің жоспарын ұсынады: жауаптың толықтығын анықтау, оның дұрыстығы, қателікті табу, кемшіліктер, айтудың жүйелігі. Студенттер өздерінің жауаптарының жоспарын ұсынуыда мүмкін. Пікірді дайындау үшін жауап беру барысында өздерінің ескертулерін жазып алуды студенттерге ұсынуы тиіс. Мұндай жағдайда жауап берушіні ғана емес, талқылауға қатысушыныда бағалауға болады.

Ауызша жауап алудың қорытынды бөлімі — студенттердің жауабын толық талдау. Оқытушы студенттердің жағымды жақтарын атап өтеді, дұрыс жауап берген жақты көрсетеді, жауаптардың кемшіліктерін көрсетеді, оқу материалын меңгергені туралы қорытынды жасайды. Жауапты бағалау кезінде оның дұрыстығы мен толықтығын, зерделігін, материалды айтудың қисындылығын, сөйлеу мәдениетін, практиканың теориялық жағдайларын байланыстырудың іскерлігін, оның ішінде болашақ кәсіптік қызметін ескереді.

Ауызша жауап алу білімді, іскерлігін және дағдысын бақылау әдісі сияқты көп уақыт шығынын қажет етеді, одан басқа бір сұрақты барлық студенттерден тексеруге болмайды. Сондықтан тәжірибелі оқытушылар жұмыс уақытын рационалды қолдану мақсатында құрамдастырылған, жеделдетілген жауап алуды жүргізеді, ауызша жауап алуды басқа әдістермен үйлестіре отырып: өзіндік жұмыспен карточка бойынша



жазбаша жауап алу. Мұның бәрі студентер санының көптігі кезінде уақыт шығынын бақылауға мүмкіндік береді. Бір студент тақта алдында жұмыстанып жатқан кезде, біреуі тақтаға тапсырманы орындаса, қалғандары жазбаша жұмыстарды орындайды, қойылған сұрақтарға орнынан жауап береді.

### **1.6. Реферат**

**Реферат** (латын тілінен аударғанда **efero** – «хабарлаймын» деген мағынаны білдіреді) – жазбаша түрдегі немесе кітаптың, мақаланың, басқада жұмыстардың, ғылыми еңбектердің, жалпы тақырып бойынша әдебиеттердің мазмұны жариялаған баяндама немесе жазбаша түрдегі қысқаша баяндама.

Реферат – бұл автордың зерттеу мәселелері туралы айтатын, әр түрлі көз қарастар жүргізетін, сондай ақ өз ойын айтатын, қатысушылардың өзіндік ғылыми зерттеу жұмыстары. Материал мазмұны логикалық болуы керек, берілген материал мәселелі іздеу сипатында болу керек.

Рефераттың тақырыптарын оқытушы анықтайды, ал тақырыпты таңдау құқығы студенттің өзіне беріледі. Реферат тақырыбын таңдаудың алдында, автор өзінің қызығушылығын, қандай мәселемен жұмыстанғысы келетінін анықтау және оны терең меңгеру қажет. Рефераттың атауы оқытушы берген тізім ішіндегі атауларға сәкес келмеуі мүмкін, бірақ тақырып мазмұны, географиялық және оқытылатын пәннің аумағына сәйкес келетін болуы керек, сондай-ақ оқытушының, алдын ала келісімін алу қажет.

Оқытушы студенттерді рефератты жазу формасына қойылатын талаптармен таныстырып, оның көлемін шамамен анықтап, негізгі әдебиеттердің санын айту қажет. Реферат үшін әдебиеттерді таңдаудағы көмекке оқытушының дағдысыда жатады.

#### **Рефератпен жұмыс жасау этаптары**

– Тақырыпты қалыптастыру

Тақырып өзінің мағынасы бойынша тек өзекті болып қана қоймай, мазмұны бойынша қызықты, түп нұсқалы болуы керек. Тақырып бойынша негізгі әдебиеттерді таңдау және игеру. (ереже бойынша, 8-10 аз емес).

– Библиография құрастыру

– Ақпараттарды жүйелеу және өңдеу

– Рефераттың жоспарын жасау

– Рефератты жазу

– Зерттеу нәтижелерімен жұрт алдында сөз сөйлеу

Рефератты дайындау студенттердің өзіндік тереңдетуде, пәннің өзекті мәселелері бойынша шығармашылық және ғылыми, әдістемелік және басқа әдебиеттерді жан-жақты талдауда дағдысын бекітуге және дамытуға бағытталу керек; дағдысын және іскерлігін қалыптастыруда

материалдар сауатты және сендіретіндей, теориялық жинақтарды нақты қалыптастыру, практикалық ұсыныстарды және қорытындыны баяндау қажет.

Реферат ғылыми мазмұны мен безендіруі бойынша жоғары біліктілік талаптарына жауап беру қажет.

Реферат тақырыбы ережеге сәйкес бір мәселені талқылаумен байланысты болу қажет. Реферат көлемі 12 ден 15ке дейін компьютерде, 1,5 интервалмен жазылған мәтін болуы керек (әдебиеттер тізімі және қосымшалар құрамына кірмейді).

Жұмыстың мәтіндік бөлімі негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

### **Рефераттың құрылымы және безендіру ережесі**

**Кіріспеде** студент қысқаша таңдалған реферат тақырыбының өзектілік негіздемесін, Өзінің шағын зерттеуі барысында шешетін, нақты мақсаты мен міндетін ашады.

**Негізгі бөлімде** тақырыптың сұрақтары мазмұнын толығымен ашады.

**Қорытындыда** қысқаша алынған зерттеу нәтижелері мен қорытынды мәліметтерін қалыптастырады. Одан басқа, қорытынды соның ішінде алдағы уақытта қызықтыратын оның мәселелерін меңгеру бойынша автордың ұсыныстарын қарастырады.

**Әдебиеттер тізімі (дереккөз бен әдебиеттер) студент рефератты жазу кезінде қандай әдебиеттер қолданса тек қана сол документтерді алады.**

**Қосымшада** реферат мәтінінде сілтеме жасалған болса, рефератқа салынуы мүмкін кесте, график, сызба және тағы басқа көмекші материалдар беріледі.

### **Рефератқа сын-пікір**

*Қарастырылатын аумақтың мол мағұлыматтылығы:*

- аталған мәселенің өзектілігі;
- қазіргі кездегі мәселенің жағдайымен танысу дәрежесі;
- жұмыста танымал ғылыми фактілер мен нәтижелерді қолдану;
- цитирленетін әдебиеттердің толықтығы.

*Автордың жеке жетістіктері:*

- бағдарламадан тыс білімді қолдану;
- жаңашылдық дәрежесі;
- мәселенің ғылыми маңыздылығы;
- ғылыми және арнайы аппараттарды меңгеруі.

### **Жұмыстың сипаттамасы**

- материалдың сауатты және ойға қонымды салынуы;
- жұмыстың мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымшалар, әдебиеттер тізімі);

– рефераттың безендірілуі стандартқа сәйкес болу керек.

### **1.7. Эссе**

**Эссе** – бұл оқытушы ұсынған пәнге немесе оқытылатын курстың мәселелі тақырыбы бойынша студент өзі таңдаған тақырып бойынша өзіндік жазбаша жұмыс. Эссені жазудың мақсаты дағдыны дамытуда ғылыми білім мәселелерін ойлау және түсінуге өзіндік шығармашылық тәсілі, оны қолданбалы пайдалану мүмкіндігі, сондай-ақ жазбаша дағдының баяндалуы қоғамдық және әртүрлі әлеуметтік психологиялық құбылыстарға қатынасы және өзіндік ойлауы.

**Өзінің құрылымы бойынша эссе келесі бөлімдерден тұрады:**

1. сыртқы (титул) беті;
2. мазмұны, немесе қысқаша жоспары, орындалатын жұмыстар;
3. кіріспе;
4. негізгі бөлім, 1-2 тараудан тұратын;
5. қорытынды;
6. қолданылған әдебиеттер тізімі (библиография).

Оқытылатын пәннің өзгешелігіне байланысты ұсыну түрі эссе және оның тақырыптары айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Кейбір жағдайларда қандайда бір мәселе бойынша немесе сол сұрақ бойынша мерзімді шолу баспаларының отандық және шет елдің әдебиеттеріне талдау болуы мүмкін. Эсседе қазіргі кездегі отандық және шет елдік әдебиеттердегі психологиялық феномендерді түсіндіруге салыстырмалы аналитикалық ықпал жасау мүмкін.

Эсседе психологиялық білімнің аспектісін практикалық қолдануда өзіндік ойлауға талпыныс жасауы мүмкін. Эссе әдебиеттердегі авторлық ұстанымды жинақтау және сипаттауға сүйенуі мүмкін (монография, кітап, журналдағы мақалалар).

### **Эссе мазмұнына және безендіруге қойылатын талаптар**

**Эссе** жалпы көлемі 1 ден 15 бетке (шамамен) дейін, 1,5 интервалда (MS Word), 12 немесе 14 шрифтпен басылған болуы керек. Эссенің беті кезекті нөмерленетін болуы керек. Бірінші беті нөмір қойылмайтын титул бет болып саналады.

### **Кіріспе**

Кіріспеде таңдалған тақырыптың қызығушылығын, оның өзектілігін және практикалық маңыздылығының негіздемесін көрсетеді. Мәлімделген тақырыптың эсседегі мазмұнына, сәйкес ашылуын ескеру маңызды, яғни жұмыстың мазмұны мен тақырыбында сәйкессіздік болмау керек.

## **Негізгі бөлім**

Негізгі бөлім таңдалған эссенің тақырыбын қисынды және дәлелдеп ашуда қолданылған және қол жетімді сілтемелермен, оның ішінде электронды ақпарат көздерін дәйекті түрде ұсынады. Әрбір қолданылатын және дәйексөз алынған әдебиеттер сілтемеге сәйкес болуы керек.

## **Сілтемеге мысалдар**

Дәйексөз(цитата) – сөзбе сөз тырнақшада жазылуы керек, қасына жақшада афтордың аты-жөні, басылым жылы, сәйкес беті көрсетілуі қажет.

Мысалы: (Абульханова-Славская, 1994, 12 б.).

Ойдың түсінігін тырнақшада жазбайды. Бастысы – автордың негізгі пікірін емес, мәтінге жақын түсінігін айта білуі қажет. Бірақта оғанда сілтеме міндетті түрде болуы керек, тек автордың аты-жөнін және басылымның жылын көрсету жеткілікті.

Мысалы: (Абульханова-Славская, 1994).

Алайда ол үшін әдебиеттер тізіміне әрбір қолданылған әдебиеттердің толық библиографиясын сипаттау қажет.

Мысалы:

Абульханова-Славская К.А. Тұлғаның әлеуметтік ойлауы: зерттеудің мәселелері мен стратегиясы // Психологиялық журнал. 1994. № 4. Б.11-23.

Егер Интернеттен алынған болса:

Gartner P.Globalisierung als Epochenbruch? / <http://opentheory.ru/gk-sachsen-3/text.phtml>.

Сілтемені басқаша тік жақшада жазуға да болады. Мысалы: [5, б. 25] немесе [3; 10; 15]. Бірінші сан қолданылған әдебиеттер тізіміндегі әдебиеттің нөмері, екіншісі – сіз қолданған ойдың баяндалған беті. Үтірлі нүкте арқылы бөліп бірнеше әдебиеттерді көрсетуге болады.

Жазбаша жұмысты безендіру тәртібіне эссенің бір бөлігінде міндетті түрде әрбір бөлім бойынша қорытынды және жалпы қорытынды уы кіреді.

## **Қорытынды**

Орындалған мақсат пен тапсырмалар, қорытынды, қойылған мәселе бойынша және берілген тақырып бойынша зерттеудің болашағын атап өтеді, ол 1 бет мәтіннен құралады.

## **Әдебиеттер**

Бірнеше әдебиет көздерінен құралуы керек, олардың ішінде ұсынылған тек бір оқулық болуы мүмкін, эссе ғылыми әдебиеттер көзімен монография, ғылыми жинақтар, мерзімді басылымдардағы мақалалармен жұмыс жасауды үйретеді.

Эссені бағалау мен жазуға қойылатын талаптар олардың түрі мен мазмұнына байланысты өзгертілу мүмкін, ол үшін келесі критерияларға ерекше көңіл бөлінуі керек:

- жұмысты өз бетінше орындау;
- таңдалған тақырыпты түсінудің шығармашылық жолы;
- негізгі жағдайлар мен қорытындыларды дәлелдеу қабілетіне;
- мәселелерді шешу мен қоюдың түп нұсқалығы, дәлелі және негізделу;
- өзіндік ойды айтудың қысқалығы және анықтылығы;
- әдебиет көздерін қолдану және сауатты безендіру;
- жұмыстың өзіндік жанрына және формальды талаптарына сай болуы.

Эссе осы мәселе бойынша рефератты жазуға негіз болуы мүмкін.

### **1.8. Мамандардың кеңесі**

Мамандардың кеңесінің мақсаты қандайда бір мәселелі жағдайларға рұқсат беру, сұрақтардың, талап етілетін талқылаудың, әртүрлі көзқарастардың, әртүрлі топ адамдардың қызығушылық байланыстарының шешімін табу. Мамандардың кеңесі болашақ менеджерлер мен әртүрлі деңгейдегі басқарушыларды дайындау үшін, сондай-ақ өзекті мәселе бойынша пікірін зерттеу үшін қолданылатын әдіс сияқты.

Оқытушылардың кеңесін өткізу және ұйымдастыру кезінде барлық қатысушылар оларға қойылған тапсырмаларды дұрыс түсінгеніне көз жеткізу керек. Ол сонымен қатар тақырыпты анық қалыптастырады және кеңеске қатысушылардың немесе ақпараттандыруға мамандардың жалпы жұмыс уақытын, сөз сөйлеудің уақыты мен тәртібін белгілейді.

Жалпы уақыттың қатынасында жалпы мамандардың сөз сөйлеуі жұмыс уақытының 1/3 нен аспауы керек, пікір таластыру және бәтуаластық жетістік кеңестің маңызды бөлігі болып табылады. Оқытушы дискуссия барысында кеңестің өте әсершіл және сөзшең қатысушылардың тақырыпты талқылауда көтеріліп кетпеуін қадағалап отыру керек, себебі олардың сынау ұстанымы басқа қатысушыларға негізделген және конструктивті болады.

Кез келген кеңес бірлесіп шешім қабылдауды мақсат етеді. Кеңеске дайындалу кезінде оқытушы жобаның шешімін дайындайды. Дискуссия барысында оған кіретін бөлімдер екі топқа бөлінеді; ал екінші топқа жобаның принципті келіспеушілік тудыратын жағдайлары жатады. Оқытушы мұндай келіспеушілік жағдайларды, жағдайлар қатарын жинақтау жолымен олардың санын төмендету, мамандар мен шешімдердің тактикасын қолдану және ерекше пікірлерді қолдануды өзі жазып алу керек. Оқытушы мұндай жұмысты жүргізу кезінде шиеленіс

жағдайларды төмендетуде медиатордың немесе қатысушылар арасындағы делдал қызметін атқарады.

Мұндай дискуссияның түрін өткізу кезінде «фасад эффектісі» пайда болудың қауіпі туындау мүмкін, яғни қатысушылардың ынтасы басқа әсерде қалады. Оны ескерту үшін алдын ала кеңесті ұйымдастыру кеңістігін ойластыру маңызды болып саналады. Егер кеңістіктің өзара ірекеті үшін дөңгелек үстел түрінде болса, онда қатысушылар өздерін тең құқықты сезінеді. Мұндай және басқа осындай әдістің атауы – «дөңгелек үстел». Байқағандай қатысушыларды мұндай жайғастыру бір біріне деген белсенділіктің артуына әкеледі.

Кеңесті аяқтау жағымды және айқын жолмен топтық шешімді талқылау және өңдеуді бекіту болып табылады. Бұл шешім алдыңғы дискуссияның түйіндемесі сияқты оқытушыны қалыптастыру мүмкін немесе оны бұл мақсат үшін арнайы тағайындалған топтық қатысушылар дайындайды. Жобаның шешімі сондай ақ тағыда талқылануы мүмкін, оған өзгертулер енгізілуі мүмкін, яғни орындау шарттары мен бөлімдері, тағы сол сияқты шарттар. Шешімді бекіту кеңестің қатысушылары қабылданған құжаттарға қол қойған кезде немесе бұйрық түрінде, жарияланған кезде дауыс беру, виза қою арқылы жүргізеді.

## **2. БІЛМАЛУШЫЛАРДЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР**

### **1. Азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау әдістері**

#### **Сұрақтар:**

**1. Органолептикалық әдістер.** *Органолептикалық (сенсорлық) әдіс* сезім мүшелерінің (көру, дәм, иіс, есту, сипап сезу) көмегімен өнім сапасын зерттеу. Сапасын зерттеуді нәтижелігін арттыру үшін техникалық құралдарды қолдану көмегімен жүргізу мүмкін (лупа, микроскоп, микрофон, ерекше жарықтандырғыш, хош иісті заттарды концентрациялау үшін арнайы ыдыстар және т.б.).

Азық-түлік, сол сияқты азық-түлік емес өнімдердің сапасын бақылау үшін зерттеудің органолептикалық әдісі кең қолданылады. Соңғы кезде бақылаудың бұл әдісі «сенсорлық анализ» деп аталады.

**2. Физико-химиялық әдістер.** *Физико-химиялық әдістер* азық-түлік өнімдерінің оптикалық көрсеткіштерін анықтау кезінде қолданылады. Бұл көрсеткіштер поляриметрдің, рефрактометрдің, фотометрдің, спектроскопияның, хроматографияның және т.б. көмегімен анықталады.

**Тапсырма:** «Азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау әдістері» тақырыбында жеке презентация дайындау. Әрбір студент сапаны анықтаудың бір әдісін алып және анықтау әдістемесін, қандай жағдайларда жүргізілетінін, анықтауды қандай мамандар жүргізетіні туралы толықтай тіркеп жазу.

**Бақылау түрі:** презентация бойынша есеп беру  
**Әдебиеттер:** 3; 7; 8.

## **2. Пастерленген сүт өндірісін бақылау**

**Сұрақтар:**

1. Пастерленген сүт өндірісінің технологиялық процесін бақылау сызбасы

**Тапсырма:** «Пастерленген сүт өндірісінің бақылау» тақырыбында топтық презентация дайындау. Бақылау нысанын, бақыланып отырған көрсеткіштерді, бақылау мерзімін, сынама алуды, бақылау әдістемесін, өлшеу приборларын сипаттау.

**Бақылау түрі:** презентация бойынша ауызша есеп беру

**Әдебиеттер:** 1; 12-14.

## **3. Өнімдердің құрғап кету дәрежесіне әсер ететін әр түрлі факторлар**

**Сұрақтар:** Азық-түлік өнімдеріндегі құрғаудың пайда болу себептері.

**Тапсырма:** «Өнімдердің құрғау дәрежесіне әсер ететін әр түрлі факторлар» тақырыбына хабарлама дайындау. Топқа бөлінеді. Әрбір білім алушы бөлек өнімдердегі құрғау дәрежесін сипаттайды. Мыналарды көрсету керек: Қай уақытта құрғау процесі жүреді? Құрғау процесі неге байланысты? Өнімнің қай бөлігінде құрғау көп жүреді? Біртекті емес құрғау туралы қандай факторлармен сипатталады?

**Бақылау түрі:** хабарлама бойынша есеп беру

**Әдебиеттер:** 3-5.

## **4. Кілегей мен қаймақ өндірісін бақылау**

**Сұрақтар:** Контроль технологического процесса производства сливок и сметаны

**Тапсырма:** «Кілегей мен қаймақ өндірісін бақылау» тақырыбында топтық презентация дайындау. Бақылау нысанын, бақыланып отырған көрсеткіштерді, бақылау мерзімін, сынама алуды, бақылау әдістемесін, өлшеу приборларын сипаттау.

**Бақылау түрі:** презентация бойынша ауызша есеп беру

**Әдебиеттер:** 1; 12-14.

## **5. Мәйекті ірімшік өндірісін бақылау**

**Сұрақтар:**

1. Ірімшік өндірісінің технологиялық процесін бақылау.
2. Төменгі температурада екінші қыздыруда қатты мәйекті ірімшік өндірісінің технологиялық процесін бақылау сызбасы.

**Тапсырма:** Ирімшік өндірісінің технологиялық процессін бақылауды үйрену. Төменгі температурада екінші қыздыруда қатты мәйекті ірімшік өндірісінің технологиялық процессін бақылау сызбасын меігеру. Бақылау нысанын, бақыланатын көрсеткіштерді, бақылау мерзімін, сынама алуды, бақылау әдістемесін, өлшеу приборларын сипаттау.

**Бақылау түрі:** Берілген тақырып бойынша жазбаша хабарлама дайындау. Тақырып бойынша ауызша есеп беру.

**Әдебиеттер: 1; 12-14.**

## **7. Қойылтылған сүт консервілері өндірісін бақылау**

### **Сұрақтар:**

Қойылтылған сүт өнімдері консерві өндірісінің технологиялық процессін бақылау

**Тапсырма:** «Қойылтылған сүт өнімдері консерві өндірісін бақылау» тақырыбында топтық презентация дайындау. Бақылау нысанын, бақыланатын көрсеткіштерді, бақылау мерзімін, сынама алуды, бақылау әдістемесін, өлшеу приборларын сипаттау.

**Бақылау түрі:** Презентацияны қорғау

**Әдебиеттер: 1; 12-14.**

## **7. Сүтті қант өндірісін бақылау**

**Сұрақтар:** Сүтті қант өндірісінің технологиялық процессін бақылау

**Тапсырма:** Сүтті қант өндірісінің технологиялық процессін бақылау. Сүтті қанттың нормативті техникалық құжаттар талаптарын меңгеру. Шикізат сапасына қойылатын талаптар. Сүтті қант өндірісінің технологиялық процессін бақылау. Үлгі алу және оларды анализге дайындау. Дайын өнімнің сапасын бақылау. Дискусияға дайындалу. Тақырып бойынша есеп беру.

**Бақылау түрі:** Дискусияға қатысу

**Әдебиеттер: 1; 12-14.**

## **8. Ет, субөнімдер мен құс етін салқын өңдеу процессін бақылау.**

### **Сұрақтар:**

1. Салқындатуға ет және субөнімдердің тоңазытқышқа түсуі
2. Камераны дайындау
3. Етті, субөнімдерді және құс еттерін орналастыру
4. Етті, субөнімдерді және құс еттерін салқындату
5. Етті, субөнімдерді және құс еттерін сақтау және мұздату

**Тапсырма:** «Ет, субөнімдер мен құс етін салқын өңдеу процессін бақылау» тақырыбындағы материалды сипаттау. Бақылау нысанын, бақыланатын көрсеткіштерді, бақылау мерзімін, сынама алуды, бақылау



әдістемесін, өлшеу приборларын сипаттау. Еркін дискуссияға дайындалу. Тақырып бойынша есеп беру.

**Бақылау түрі:** Еркін дискуссияға дайындалу

**Әдебиеттер:** 2; 3; 19.

### **9. Балық және балық өнімдері өндірісінің процессін бақылау**

**Сұрақтар:** Балық және балық өнімдері өндірісінің технологиялық процессін бақылау сызбасы.

**Тапсырма:** Балық және балық өнімдері өндірісінің процессін бақылау Балық және балық өнімдері өндірісінің технологиялық процессін бақылау сызбасын меңгеру. Бақылау нысанын, бақыланып келетіндерді, бақылау мерзімін, сынама алуды, бақылау әдістемесін, өлшеу приборларын сипаттау. Тақырып бойынша есеп беру.

**Бақылау түрі:** Ауызша сұрау

**Әдебиеттер:** 2; 16.

### **10. Қондырғылар мен ыдыстарды дезинфекциялау және жуу сапасын, режимдерін бақылау**

**Сұрақтар:** 1. Жуғыш және дезинфекциялайтын ерітінділерді дайындау тәртібі

2. Қондырғылар мен ыдыстарды санитарлық өңдеу мен бақылау режимдері.

3. Жуғыш және дезинфекциялайтын заттармен жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік техникасы.

**Тапсырма:** Қондырғылар мен ыдыстарды жуу және дезинфекциялау сапасы, бақылау режимдеріне сипаттама бер. Жуғыш және дезинфекциялайтын ерітінділерді дайындау тәртібін сипаттау. Қондырғылар мен ыдыстарды санитарлық өңдеу сапасын және бақылау режимінің процессін сипаттап беру. Жуғыш және дезинфекциялайтын заттармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасын сипатта. Берілген тақырып бойынша реферат жазу.

**Бақылау түрі:** Реферат бойынша есеп беру.

**Әдебиеттер:** 2; 7; 8.

### **11. Қаннан дайындалған өнімдер өндірісін бақылау**

**Сұрақтар:**

1. Дайын өнімге қойылатын талаптар

2. Өндіріс процессін бақылау

**Тапсырма:** «Қаннан дайындалған өнімдер өндірісін бақылау» тақырыбындағы материалды меңгеру. Қара техникалық альбуминнің сапалық көрсеткіштеріне сипаттама бер және оларды қайда қолданады. Бақылау нысанын, бақыланып келетіндерді, бақылау мерзімін, сынама алуды, бақылау әдістемесін, өлшеу приборларын сипаттау.

**Бақылау түрі:** Ауызша сұрау  
**Әдебиеттер:** 2; 7; 8.

## **12. Шұжық өнімдерінің сапасына әсер ететін технологиялық факторлар**

**Сұрақтар:** 1. Шұжық өнімдерінің сапасы.  
2. Өнім сапасына әсер ететін технологиялық факторлар.

**Тапсырма:** «Шұжық өнімдерінің сапасына әсер ететін технологиялық факторлар» тақырыбында эссе жазу. Шұжық өнімдерінің өндірісі үшін қандай факторлар маңызды болып саналады. Шұжық өнімдерінің сапасы неге байланысты сипаттап бер. Шұжық өнімдері сапасының төмендеу себептері. Еттің технологиялық қасиеттерін сипатта. Ақаулы шұжық өнімдерінің белгілерін сипатта. Шұжық өнімдерінің сапасына қандай технологиялық факторлар әсер етеді. Ақау мен жарамсыздық туындаған кезде технолог ескерту бойынша қандай әрекет қолдануы керек

**Бақылау түрі:** Эссе бойынша есеп беру  
**Әдебиеттер:** 2; 7; 8.

## **13. Күлділікті анықтау, механикалық қоспаларды анықтау, ас тұзының құрамын анықтау.**

**Сұрақтар:** 1. Күлді анықтау  
2. Механикалық қоспалар құрамын анықтау  
3. Ас тұзының құрамын анықтау.

**Тапсырма:** келесі әдістерді меңгеру және сипаттау:

1. Күлділікті анықтау  
2. Механикалық қоспалар құрамын анықтау  
3. Ас тұзының құрамын анықтау.

**Бақылау түрі:** Ауызша сұрау  
**Әдебиеттер:** 3; 5.

## **14. Инвертті қантты анықтау әдістемесі**

**Сұрақтар:** Инвертті және жалпы қантты анықтау әдістемесі

**Задание:** Инвертті және жалпы қантты анықтау әдістемесін игеру.  
Анализ жүргізу тәртібін меңгеру.

**Бақылау түрі:** Ауызша сұрау  
**Әдебиеттер:** 3; 5.

## **15. Қамырдан дайындалған жартылайфабрикаттардың сапасын зерттеу**

**Сұрақтар:**

1. Қамырдан дайындалған жартылайфабрикаттардың сапасын анықтаудың органолептикалық әдістері.

2. Қамырдан дайындалған жартылайфабрикаттардың сапасын анықтаудың физико-химиялық әдістері.

**Тапсырма:** «Қамырдан дайындалған жартылайфабрикаттардың сапасын зерттеу» тақырыбында топтық презентация дайындау. Сапасын анықтаудың әдістемесін толықтай сипаттау. Органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштерін анықтау. Қамырдың сапасының нашарлауының себептері. Ақауларды жою жолдары.

**Бақылау түрі:** Презентация бойынша есеп беру.

**Әдебиеттер:** 4; 15; 19.

## Ұсынылатын әдебиеттер

### Негізгі әдебиеттер:

1. Ткаль, Т.К. Технохимический контроль на предприятиях молочной промышленности [Текст]/Т.К.Ткаль. - М.: Агропромиздат, 1990.-192 с.
2. Матрозова, С.И. Технохимический контроль в мясной и птицеперерабатывающей промышленности [Текст]/С.И.Матрозова. - М «Пищевая промышленность», 1977.- 185 с.
3. Борисова, Е.А. Технохимический контроль в предприятиях общественного питания [Текст]/Е.Н.Борисова – К: Экономика, 1970, 143с.
4. Парамонова Т.Н. Экспресс методы оценки качества продовольственных товаров [Текст]/Т.Н.Парамонова – М: Экономика, 1981-110с.
5. Сборник блюд и кулинарных изделий для предприятий ОП.- М: Экономика, 1981- 720с.
6. Ловачёва, Г.Н. Стандартизация и контроль качества продукции [Текст]/Г.Н.Ловачёва - М: Экономика, 1990-239с.

### Қосымша әдебиеттер:

7. Бутенко Л.А. Основы стандартизации контроля качества продукции и общественного питания [Текст]/Л.А.Бутенко – К: Вища школа, 1986, 252 с.
8. Бердичевский В.Х. Организация контроля качества продукции общественного питания [Текст]/Л.А.Бутенко – К: Техника, 1985, 143с.
9. Методические указания по лабораторному контролю качества пищи. Ч 1-3.- К: Укр НИИТОП.
10. Скурихина, И.М. Химический состав пищевых продуктов. Справочные таблицы содержания основных пищевых веществ и энергетической ценности блюд и кулинарных изделий [Текст] /И.М.Скурихина – М: Лёгкая и пищевая промышленность. Т 1-2, 1987-327с.
11. Бегунов, В.А. Книга о сыре [Текст]/В.А.Бегунов «Пищевая промышленность» 1974 г.
12. Кутенева, Н. Н. Организация технохимического контроля [Текст] / Н. Н. Кутенева // Молочная промышленность. - 2009. - N 1. - С. 15-16 .
13. Юрова, Е. А. Деятельность лаборатории технохимического контроля [Текст] / Е. А. Юрова // Молочная промышленность. - 2009. - N 12. - С. 23-25
14. Бушуева, И. Г. Год спустя: технохимический контроль на молочных предприятиях [Текст] / И. Г. Бушуева // Молочная промышленность. - 2011. - N 1. - С. 34 .

15. Лурье, И. С. Технохимический и микробиологический контроль в кондитерском производстве [Текст] : справочник / И.С.Лурье, Л.Е.Скокан, А.П.Цитович. - М. : КолосС, 2003. - 416 с.
16. Голубев, В. Н. Справочник технолога по обработке рыбы и морепродуктов [Текст] / Голубев, В. Н., Кутина, О. И. - СПб. : ГИОРД, 2003. - 408 с.
17. Смагулов, А. К. Переработка и хранение продуктов животноводства. Переработка и хранение молока и молочных продуктов [Текст] : учебное пособие / А. К. Смагулов, А. С. Альжанова, Г. С. Бейсембай. - А. : Нур-Принт, 2005. - 220 с.
18. Оноприйко, А. В. Производство молочных продуктов [Текст] : практ. пособ. / А. В. Оноприйко, А. Г. Храпцов, В. А. Оноприйко. - М., РнД. : ИКЦ., МарТ, 2004. - 384 с.
19. Методические указания к выполнению лабораторных работ по дисциплине "Контроль и оценка качества сырья и продовольственных продуктов" для обучающихся по специальности 5В050727 - "Технология продовольственных продуктов" [Электронный ресурс] / сост. М. С. Тулиева. - Электрон. дан. - Уральск : ЗКАТУ, 2013. - 51 с.